# 2005 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы))

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналардың:

389, 390, 391, 392, 393, 394-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің (қаржы полициясы) 2005 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламаларының паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына 389-ҚОСЫМША

*Ескерту. 389-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N* 509 *, 2005.12.22. N* 509з *қаулыларымен.*

618 - Қазақстан Республикасы Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы)

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету" деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 3921483 мың теңге (үш миллиард тоғыз жүз жиырма бір миллион төрт жүз сексен үш мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: 2004 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі ; "Жедел-іздестіру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 15 қыркүйектегі Заңы ; "Мемлекеттік

құпиялар туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 15 наурыздағы Заңы ; " Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңы ; "Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдары туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 4 шілдедегі Заңы ; "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 мамырдағы Заңы ; "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік ақпараттың жұмысын жақсарту, төрешілдікке қарсы күрес және құжат айналымын қысқарту жөніндегі шаралар туралы" 2000 жылғы 31 шілдедегі N 427 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының әскери қызметшілері, құқық қорғау органдары, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің мемлекеттік өртке қарсы қызметі мен прокуратура органдарының қызметкерлері лауазымдарының санаттары бойынша тізілімдерін бекіту туралы" 2004 жылғы 17 қаңтардағы N 1283 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті және Ұлттық Банкінің сметасы (бюджеті) есебінен қамтылған Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" 2004 жылғы 17 қаңтарындағы N 1284 Жарлығы ; "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің 2001-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 сәуірдегі N 487 қаулысы ; "Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші емес қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігінің (қаржы полициясы) мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қаңтардағы N 100 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының Ішкі істер, Әділет министрліктері, Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігі ( қаржы полициясы) және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер штат санының лимиттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 17 наурызындағы N 330 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты:

1) жүктелген міндеттерін тиімді атқаруға қол жеткізу үшін, Қазақстан Республикасы Қаржы полициясының орталық атқарушы органы мен аумақтық органдары қызметін қамтамасыз ету;

2) кәсіби шеберлігін жетілдіру және өзіне жүктелген қызметтік міндеттерін тиімді орындау үшін қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес кәсіби қызмет саласындағы білімдік бағдарлама бойынша теориялық және практикалық білімін, шеберлігі мен

дағдылығын жаңарту;
3) Қазақстан Республикасы қаржы полициясы органдарының орталық аппараты және аумақтық органдарының әрекеті үшін қажетті жағдайларды жасау;
4) қаржы полициясы органдарын материалдық-техникалық құралдармен, оның ішінде нысанды және арнайы киім-кешекпен және өзге де активтермен және басқа да тауарлы-материалдық құндылықтармен қамтамасыз ету;
5) экономика және қаржы қызметі саласындағы құқық бұзушылықтарға қарсы күресті күшейту, қаржы полициясы органдарының жедел-іздестіру, тергеу бөлімшелері қызметінің тиімділігін арттыру;
6) қаржы полициясы органдарының бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық-телекоммуникациялық жүйесін және басқа да ақпараттық ресурстарын ілестіріп жүру.
5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері:
1) Қазақстан Республикасы қаржы полициясының орталық атқарушы органын, аумақтық органдарын ұстау;
2) қаржы полициясы органдарының қызметкерлерінің кәсіби шеберлігін жетілдіру;
3) Қазақстан Республикасы қаржы полициясы органдарының әкімшілік ғимараттарында күрделі жөндеу жүргізу;
4) қаржы полициясы органдарының материалдық-техникалық базамен жарақтандыру және оны нығайту, қаржы полициясы органдарының қызметкерлерін нысанды және арнайы киім-кешекпен қамтамасыз ету;
5) мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, экономикалық қылмыстардың тергеу, анықтау және алдын алу жолын кесу және оны ашу;
6) Электрондық пошта арқылы Қазақстан Республикасы қаржы полициясының орталық атқарушы, аумақтық органдары және оқу орны арасындағы байланысты қамтамасыз ету, түрлі ақпараттық көздерге кіруге рұқсат беруді қамтамасыз ету, бағдарламалық қамтамасыз етулерді сатып алу, қолданылатын есептеуіш техникалардың және периферилік жабдықтардың жұмысқа қабілеттілігін қамтамасыз ету, ақпараттық технологиялар саласындағы қаржы полициясы органдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыру.
6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 001 | | | | Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету |
| 2 | 001 | Орталық органның аппараты | Қазақстан Республикасы қаржы полициясы органының орталық аппаратын штат кестесіне сәйкес 338 бірлік көлемінде ұстау, тиісті нормаларға сәйкес қаржы полициясы органдары орталық аппаратының, аумақтық органдарының және Қаржы полициясы академиясы қызметкерлерін нысандық және арнайы киім-кешекпен қамтамасыз ету. | Жыл бойында | Қазақстан Республикасы Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігі (қаржы полициясы) |
| 3 | 002 | Аумақтық органдардың аппараттары | Қазақстан Республикасы аумақтық қаржы полициясы органдарын 3447 | Жыл бойында | Қазақстан Республикасы Экономикалық және сыбайлас |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | бірлік көлеміндегі штаттық санға сәйкес ұстау. | | жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігі (қаржы полициясы) |
| 4 | 007 | Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру | Бекітілген біліктілікті арттыру жоспарына сәйкес қаржы полициясы органдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыру, соның ішінде мемлекеттік және ағылшын тілдерін оқыту бойынша қызмет көрсетулерді сатып алу. Біліктілікті арттыру курстарын өтетін қаржы полициясы органдары қызметкерлерінің жылдық орта саны 1100. | Жыл бойында | Қазақстан Республикасы Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігі (қаржы полициясы) |
| 5 | 008 | Мемлекеттік органдардың ғимараттарын, үй-жайлары және құрылыстарын күрделі | Қаржы полициясы орталық атқарушы, аумақтық органдарының және мекемесінің әкімшілік ғимараттарында күрделі жөндеу жүргізу | Жыл бойында | Қазақстан Республикасы Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігі (қаржы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жөндеу | | | полициясы) |
| 6 | 009 | Мемлекет-тік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру | Двигателінің көлемі 1600-ден 2500 куб. см дейінгі: қоса алғанда -10 бірлік, 1600-ден 1800 куб. см дейінгі - 10 бірлік, 1500-дан 2000 куб. см дейінгі -35 бірлік автокөліктерді сатып алу. Сатып алу: Ерекше жабдықтарды (арнайы заттар, оқ-дәрілер). Ксерокстарды - 40 дана және факсимильді аппараттарды - 48 дана. Басқа да тауарларды (столдар, орындықтар, шкафтар, офистік креслолар және т.б.). | Жыл бойында | Қазақстан Республикасы Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігі (қаржы полициясы) |
| 7 | 017 | Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органдар- | "Интернет" желісіне кіруге қызмет көрсету және электрондық пошта қызметіне ақы төлеу. Есептеу техникасының құралдарына және периферилік жабдықтарға техникалық қызметтерді | Жыл бойында | Қазақстан Республикасы Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігі (қаржы |

| | | |
|---|---|---|
| ды ақпа- | көрсету - 68 дана. | полициясы) |
| | раттық-техника-лық қам-тамасыз ету | Шығындалатын мате-риалдар, жиынтық-таушы бұйымдарды және қосалқы бөлшектерді сатып алу. Ілесіп жүретін қыз-метулерді сатып алу: 1. WEB-сайтына; 2. "ЮРИСТ" авто-маттандырылған анықтамалық құ-қықтық жүйесіне; 3. "Қазақстан Республикасы Экономикалық жә-не сыбайлас жем-қорлық қылмысқа қарсы күрес жө-ніндегі агентті-гінің (қаржы полициясы) бірың-ғай автоматтан-дырылған ақпа-раттық-телеком-муникациялық жүйесінің" бағдарламалық қамтамасыз етуіне; 4. Локальдық мақсаттарға ("ЕСЕП" бюджет-тік мекемелердің шығыс сметасының орындалуының бухгалтерлік есебі, SALARY |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | жалақы есебі, міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарларын құру, бюджеттен қаржы бөлу лимитінің есебі, тоқсандық, жылдық есептіліктің жиынтығына). |
| 8 | 100 | Қаржы полициясы органдарының жедел-іздестіру қызметі | Қазақстан Республикасы қаржы полициясы органдарының жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізу. | Жыл бойында | Қазақстан Республикасы Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігі (қаржы полициясы) |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: 1) Қаржы полициясы органдарына жүктелген міндеттерді сапалы және уақтылы атқару; 2) мемлекеттің қазіргі жағдайлар мен ресурстық мүмкіншілігіне сәйкес қаржы полициясы органдарының кәсіби талаптарына сәйкес қаржы полициясы органдары қызметкерлерінің кәсіби деңгейін арттыру; 3) Қазақстан Республикасы қаржы полициясы органдарының әкімшілік ғимараттарына күрделі жөндеу жүргізу; 4) материалдық-техникалық базамен жабдықтау және оны нығайту, экономика және қаржы қызметі саласындағы қылмысқа қарсы күрестің нысандары мен әдістерін жетілдіру, қаржы полициясы органдары қызметінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету; 5) экономика және қаржы саласындағы құқық бұзушылықтардың жолын кесу мен ашуда жедел-іздестіру іс-шараларының нәтижелерін пайдалану; 6) ақпарат алу және онымен алмасудың жеделдігін арттыру, қаржы полициясы органдары қызметіне есептеу техникасы құралдарын ойдағыдай енгізу, қаржы полициясы органдарының

қызметкерлері пайдаланатын ақпараттық ресурстарды уақтылы жаңартып отыру; қаржы полициясы органдарының қызметін "Интернет" желісінде жариялау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
390-ҚОСЫМША

618 - Қазақстан Республикасы Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы)

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған**
**Қылмыстық процеске қатысатын адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ету" деген 002 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 47342 мың теңге (қырық жеті миллион үш жүз қырық екі мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: 2004 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі ; 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 7 , 15, 26, 65, 71, 72, 174 , 175 , 176-баптары ; 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексінің 114-бабы ; "Адвокаттық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 желтоқсандағы Заңы ; "Қылмыстық іс жүргізуге қатысатын тұлғаларды мемлекеттік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 5 шілдедегі Заңы ; "Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдары туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 4 шілдедегі Заңы ; "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы ; "Республикалық бюджет қаражаты есебінен адвокаттар көрсететін заң көмегіне ақы төлеу және қорғау мен өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеудің ережелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 26 тамыздағы N 1247 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Мемлекетпен кепілдендірілген және Қазақстан Республикасының Конституциясымен бекітілген өз құқығын, еркіндігін қорғаудағы азаматтық құқығын және білікті заң тұрғысынан көмек алуының толық жүзеге асуы мен уақтылы орындалуын іске асыру; сот процесіне куәгерлер мен жәбірленушілерді уақтылы жеткізу; қылмысқа қарсы күрес саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясат жүргізу; заңдылық пен құқықтық тәртіпті әрі қарай күшейту; қылмыстық процеске қатысатын тұлғалардың конституциялық құқықтарын және

еркіндігін, өміріне, денсаулығына, мүлкіне қауіп төндіруден қорғауды қамтамасыз ету; қылмысқа қарсы күресудің тиімділігін арттыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: азаматтардың еркіндігін және заңды мүддесін, құқығын іске асыруда, сондай-ақ заңда тиым салынбаған әдістер және құралдармен өз қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғалардың құқығы мен мүддесін қорғау және қызмет көрсету мақсатындағы қылмыстық істер бойынша адвокаттың көрсеткен қызметтеріне ақы төлеу; қылмыстық процеске қатысушы адамдарға қылмыстық істер өндірісінде келтірілген шығындарын өтеу; қылмыстық процеске қатысатын адамдардың, олардың отбасы мүшелерінің және жақын туыстарының өміріне, денсаулығы және мүлкіне нақты қауіп төнген кезде мемлекеттік қорғауды қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 002 | | | | | Қылмыстық процеске қатысатын адамдардың құқықтары мен бос- тандықта- рын қор- ғауды қам- тамасыз ету |
| 2 | | 100 | Қылмыстық процеске қатысатын адамдарды мемлекет- тік қорғау | Қылмыстық процеске қатысатын адамдар- дың қауіпсіздігін қамтамасыз ету іс шаралары: облыстар- да және қалаларда | Жыл бой- ында | Қазақстан Республикасы Экономикалық және сыбайлас жемқорлық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | және де басқа тұрғылықты жерлерде пәтерлерді және жеке үйлерді жалға алу, осы санаттағы тұлғаларды тасымалдаудағы көлік шығындары, телефон нөмерлерін орнату және ауыстыру бойынша байланыс қызметіне ақы төлеу, құжаттарды ауыстыру бойынша шығындар. | | қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігі (қаржы полициясы) |
| 3 | 101 | Қылмыстық процеске қатысушыларын іс жүргізу шығындарын өтеу | Қылмыстық сот өндірісіне қатысатын жәбірленушіге, азаматтық талап-арызданушыға, азаматтық жауап берушіге және басқа да адамдарға қылмыстық іс өндірісі барысында келтірілген шығындарды өтеу, соның ішінде: 1) сараптау және аудиторлық тексеріс өткізуге арналған қызмет көрсету төлем ақысы; 2) қылмыстық процесті жүргізуші органның шақыруы бойынша | Жыл бойында | Қазақстан Республикасы Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігі (қаржы полициясы) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | іссапар шығындары. | | |
| 4 | 102 | Тергеу кезінде адвокаттардың заңдық көмек көрсетуі | Бекітілген келісімдерге сәйкес тергеуге қатысқаны үшін адвокаттардың қызметіне ақы төлеу. | Жыл бойында | Қазақстан Республикасы Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігі (қаржы полициясы) |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Азаматтарды, адамның құқығын қорғау заңнамасымен кепілденген білікті заң тұрғысынан көмекпен қамтамасыз ету; соттарда қылмыстық істердің сапалы және уақтылы қаралуы; қылмыстық процеске қатысатын адамдарға қауіпсіздік шараларын қолдану нәтижесінде қылмыстардың ашылу пайызын арттыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
391-ҚОСЫМША

618 - Қазақстан Республикасы Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы)

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Қазақстан Республикасы Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес агенттігінің автоматтандырылған бірыңғай ақпараттық-телекоммуникациялық жүйесін құру" деген 003 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 80647 мың теңге (сексен миллион алты жүз қырық жеті мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: 2004 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Бюджет Кодексі ; "Қазақстан Республикасының қаржы

полициясы органдары туралы" 2002 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы ; "Электрондық құжат және электрондық цифрлік қол қою туралы" 2003 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы ; "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 мамырдағы Заңы ; "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік аппараттың жұмысын жақсарту, төрешілдікке қарсы күрес және құжат айналымын қысқарту жөніндегі шаралар туралы" 2000 жылғы 31 шілдедегі N 427 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы құқық қорғау қызметін жандандыру жөніндегі шаралар туралы" 2001 жылғы 22 қаңтардағы N 536 Жарлығы ; "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің 2001-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 сәуірдегі N 487 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасы қаржы полициясы органдарының бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық-телекоммуникациялық жүйесін дамыту, қаржы полициясы органдары жедел-қызмет әрекетінің процестерін автоматтандыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасының Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігінің (қаржы полициясы) бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық-телекоммуникациялық жүйесін дамыту, техникалық құралдармен қамтамасыз ету, лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу, қызметкерлерді оқыту.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ. дар. лама коды | Кіші баг. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 003 | | Қазақстан Республикасы Экономикалық | Сатып алу: 1. Есептеу техникасын: дербес компьютерлерді - | Жыл бойында | Қазақстан Республикасы Экономикалық және сыбайлас |

| | | |
|---|---|---|
| және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес агенттігінің автоматтандырылған бірыңғай ақпараттық-телекоммуникациялық жүйесін құру | 126 бірлік; перифериялық жабдықтар: (42 бірлік принтерлер, 28 бірлік сканерлерді, қуаты 1 кВт дейінгі үздіксіз қореккөзі - 126 бірлік); коммутациялық жабдықты (42 бірлік жүйелі коммутаторды, 14 бірлік кросс-шкафтарды, 42 бірлік патч-панельдерді). 2. Лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді (Windows 2000\XP, AVP, MS Office) - 126 жиынтық бірлігі; 455 жұмыс орнына арналған қаржы полициясы органдарындағы локалды есептегіш желілерін құру; Қаржы полициясы органдарының бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық-телекоммуникациялық жүйесін дамыту бойынша қызмет | жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігі (қаржы полициясы) |

көрсетулер. Мамандарды оқыту - 51 қызметкер.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: қаржы полициясы органдарының жедел-қызмет әрекетінің тиімділігін оның ақпараттық-талдау қамтамасыз етілуінің сапасы мен жеделдігін жақсарту арқылы арттыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына 392-ҚОСЫМША

*Ескерту. 392-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N* 509 *қаулысымен.*

618 - Қазақстан Республикасы Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы)

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Жоғары кәсіби білімді мамандар даярлау" деген 004 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 227980 мың теңге (екі жүз жиырма жеті миллион тоғыз жүз сексен мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасы Конституциясының 30-бабы ; 2004 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі ; "Білім туралы" 1999 жылғы 7 маусымындағы Қазақстан Республикасы Заңының 25, 26, 27 және 43-баптары ; "Ғылым туралы" 2001 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 26, 28, 29 және 30-баптары ; "Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдары туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 4 шілдедегі Заңы ; "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының әскери қызметшілері, құқық қорғау органдары, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің мемлекеттік өртке қарсы қызметі мен прокуратура органдарының қызметкерлері лауазымдарының санаттары бойынша тізілімдерін бекіту туралы" 2004 жылғы 17 қаңтардағы N 1283 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік

бюджеті және Ұлттық Банкінің сметасы (бюджеті) есебінен қамтылған Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлеріне еңбек ақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" 2004 жылғы 17 қаңтардағы N 1284 Жарлығы ; "Салық полициясы академиясы" мемлекеттік мекемесінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 15 мамырдағы N 643 қаулысы ; "Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші емес қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: қаржы полициясы мен кеден қызметі органдары үшін білікті кадрларды даярлау және қайта даярлау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: қаржы полициясы және кеден қызметі органдары үшін жоғары білімді мамандарды даярлау, қызметкерлер мен басшы кадрларды қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру, ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау, экономикалық қылмысқа қарсы күрестің өзекті мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 004 | | Жоғары кәсіби білімді мамандар даярлау | Қаржы полициясы академиясының 160 қызметкерлерін ұстау, күндізгі оқу нысандары бойынша 464 тыңдаушыларды және сырттай оқу нысандары бойынша 471 тыңдаушыларды оқытуға, 2005 жылы оқуға түсуге келген 100 талап- | Жыл бойында | Қазақстан Республикасы Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігінің (қаржы полициясы) Қаржы полициясы |

керді, қаржы Академиясы полициясы органдарының қызметкерлерін даярлауға және қайта даярлауға байланысты шығындарды төлеу. Академия курсанттарын тиісті нормаларға сәйкес нысандық және арнайы киім-кешекпен қамтамасыз ету.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: қаржы полициясы мен кеден қызметі органдарын кәсіби кадрлармен қамтамасыз ету; қаржы полициясы мен кеден қызметі органдарының қызметкерлерін қайта даярлау және біліктілігін арттыру; 2005 жылында қаржы полициясы мен кеден қызметі органдарын білікті кадрлармен қамтамасыз ету деңгейі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
393-ҚОСЫМША

*Ескерту. 393-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N* 509 *қаулысымен.*

618 - Қазақстан Республикасы Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы)

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Қаржы полициясының объектілерін салу және қайта жаңарту" деген 005 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 369764 мың теңге (үш жүз алпыс тоғыз миллион жеті жүз алпыс төрт мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасы

Конституциясының 30-бабы ; 2004 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі ; "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 36, 37- баптары ; "Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдары туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 4 шілдедегі Заңы ; "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы ; "Салық полициясы академиясы" мемлекеттік мекемесінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 15 мамырдағы N 643 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005-2007 жылдарға арналған орта мерзімді жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 тамыздағы N 917 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасының Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігінің (қаржы полициясы) тиімді жұмыс істеуі.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қаржы полициясы академиясының тыңдаушыларының оқуына және Қосшы кентінде тұруына тиісті жағдай жасау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ. дар. лама коды | Кіші баг. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 005 | | Қаржы полициясының объектілерін салу және қайта жаңарту | Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 желтоқсандағы N 1289 "Қазақстан Республикасының "2005 жылдың республикалық бюджеті туралы" Заңын жүзеге асыру туралы" қаулысының | Жыл бойында | Қазақстан Республикасы Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігі (қаржы полициясы) |

2-қосымшасына сәйкес "Қаржы полициясы академия- сының 300 орынға арналған жатақха- наның құрылысы" инвестициялық жобасын іске асыру, мынадай іс-шаралар бойынша:
1. Жобалық-смета- лық құжаттамаға мемлекеттік сараптаманы әзір- леу және өткізу;
2. Белгіленген тәртіпте бекітіл- ген жобалық-смета- лық құжаттамаларға сәйкес құрылыстық- монтаждық жұмыстар жасау.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: 1) мемлекеттік сараптамадан өткен және белгіленген заңды түрде бекітілген жобалау-сметалық құжаттама; 2) Қаржы полициясы академиясының Ақмола облысы Целиноград ауданы Қосшы кентінде орналасқан 300 орынға арналған жатақхана құрылысы бойынша жұмыстарды орындау (сметалық құнының 50%).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына
394-ҚОСЫМША

618 - Қазақстан Республикасы Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы)

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес" деген 104 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 6300 мың теңге (алты миллион үш жүз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: 2004 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі ; "Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі Заңы ; "Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдары туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 4 шілдедегі Заңы ; "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 16 мамырдағы N 394 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2001-2005 жылдарға арналған стратегиясы; Қазақстан Республикасының нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2004-2005 жылдарға арналған бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 сәуірдегі N 411 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасында нашақорлық пен есірткі бизнесінің әрі қарай таралуына тиімді мемлекеттік және қоғамдық қарсы іс-әрекет ету жүйесінің негізгі буындарын нығайту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: алдын алу жүйесін нығайту; есірткі заттары, психотроптық заттар және прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы іс-әрекет ету тетігін нығайту; есірткінің заңсыз айналымы мен онымен зиян келтіруді бақылау саласындағы халықаралық ынтымақтастықты бекіту.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 104 | | Нашақорлық- қа және | БАҚ арқылы Қаржы полициясы орган- | Жыл бой- | Қазақстан Республикасы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| есірткі бизнесіне қарсы күрес | дарының нашақорлық және есірткі бизнесіне қарсы күресудегі қолданып жатқан шаралары туралы ақпараттарды, оның ішінде белгілі қоғам қайраткер- | ында | Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігі (қаржы полициясы) |

лерін, ғылым мен мәдениет және басқа да өкілдерді тарта отырып жариялау қызметіне ақы төлеу.

Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі органдарының материалдық-техникалық базасын нығайту үшін мыналарды сатып алу:

1) "Гном - 2" портативті цифрлі бітімі қатты стереофондық диктофонды - 7 бірлік;

2) байланыс жолдары бойынша берілетін немесе күрделі акустикалық жағдайда (алдамшы дабылдар мен кедергілердің жоғары деңгейінде)

жазылған сөз сигналдарының автономдық шуыл тазарту "Золушка-микро 3" станциясы жеке дара жүйелерін - 7 бірлік;
3) "Canon" фотоаппараты фотообъективімен (қылмыс жасаған күдікті тұлғаның қылмыстық істерін құжаттау үшін - 3 дана;
4) "Canon" фотоаппаратына ұзынфокусты объектив - 3 дана.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: заңсыз айналымнан есірткі заттарын, психотропты заттар мен прекурсорларды алып тастау жөніндегі қызметтің белсенділігін арттыру, олардың әкелінуі мен әкетілуіне Қазақстан Республикасының кедендік және мемлекеттік шекарасына бақылауды күшейту; мүдделі органдардың қызметін олардың ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық нығайту жолымен жақсарту, олардың арасында тиімді қарым-қатынас орнату; нашақорлықтың таралуына байланысты мәселелерді шешудегі қоғамдық жоғарғы консолидацияға жету; есірткінің заңсыз айналымы және олармен зиян келтіруді бақылау облысында, есірткіге сұранысты азайту, есірткінің заңсыз айналымының жолын кесу саласындағы перспективалық бағдарламаларды әзірлеу және енгізуде олармен техникалық көмек көрсету үшін халықаралық ұйымдар мен донор-елдерді тарту арқылы халықаралық ынтымақтастықты нығайту.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК